

Әлеуметтік педагогтың 2021-2022 оқу жылында атқарған жылдық жұмысының талдау есебі

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау

Жұмыс объектісі - оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты

2021-2022 оқу жылында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орта мектебінде

Жалпы оқушы саны 0-11 -592

Жалпы оқушы саны 1-11 - 531

Бастауыш сыныптар 1-4 - 229

Көп балалы жанұядағы бала саны - 289

Аз қамтылған жанұядағы бала саны 1-11 - 18

Жетім балалар, қамқорлықтағы бала саны – 4

Жартылай жетім – 40

Толық емес отбасы – 37

Үйден оқитын оқушы - 8

Тегін тамақ ішетін балалар саны 1-4 -229

Тегін тамақ ішетіндер саны- 5-11 - 73

Мектепте тегін тамақтанатын оқушылар саны - 302

Міндетті оқу қорынан 40 отбасының 93 мектеп жасындағы оқушыға 25 мың теңгеге ата ананың келісімімен спорттық киім және оқу құралдарына бөлініп, ол қаражат 2325,0мың теңгені құрап отыр. Аталған оқу құралдары мен спорттық киімдер, қыркүйек айының ортасынан бастап ата аналарға таратылды, ал рюкзак қазан айынан бастап ата аналарға таратылып берілді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен қамту проблемаларына жұртшылықтың және тұрғындардың назарын аударту, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, сондай-ақ қорғаншылықтағы және асыраушысынан айрылуына байланысты толық емес отбасынан шыққан балаларға жаңа оқу жылында қолдау көрсету мақсатында 1 тамыздан бастап жалпы Республика бойынша жыл сайынғы «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы басталды. Біз де бұл акция аясынан тыс қалмадық. «Мектепке жол» акциясының жұмысы ұйымдастырылып, көмек қолын беретін демеушілерге ықпал ету мақсатында ауыл әкімі Т.Даулбаевқа хат жолданды. Ауыл әкімі екі демеуші жеке кәсіпкерге ықпал жасады. Олар біріншісі өзіміздің ауылымыздағы «Болашақ» дүкенінің иесі Есениязова Әселден бес оқушымызға рюкзак сумкасымен ішінде оқуға қажетті оқу құралдарымен көмектессе, екіншісі «Алмалы құс» ЖШС нен бес

оқушының әрқайсысына он мың теңгеден елу мың теңге көлемінде қаржылай көмек берілді. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы барысында 10 -отбасы әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етілді.

Мектебімізде ыстық тамақты ұйымдастыру қыркүйек айынан бастап берілді. 2015 ж 13 сәуірдегі №198 Бұйрығы негізінде ыстық тамаққа ата аналардан өтініштер жиналып сол бойынша 5-11 сыныптардың тізімі шығарылды. Бастауыш сынып бойынша 1-4 сыныпта 229 оқушы, 5-11- 73, барлығы -302 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр.

Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді. Тамыз-қыркүйек айында оқушылардың құжаттары тексеріліп, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар саны, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Барлық мектеп бойынша жетім, жартылай жетім, аз қамтылған, толық емес отбасы, үйден оқитын, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар саны –374-ге жетті. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 08 маусымдағы № 235 бұйрығына сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтарды ұсыну» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартын басшылыққа алып, көп балалы отбасынан шыққан балалар, аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, қамқорлыққа алынған балалар тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр. Әлеуметтік педагогтың құжаттар номенклатурасы қайта қаралып реттелді. Ата-аналарға құжаттардың жетпеген түрлерін қайта жинақтау үшін құжаттар тізімі берілді. Қазіргі кезде мектебімізде көп балалы, жетім, жартылай жетім және аз қамтылған отбасылардан құжат бойынша 374 оқушы білім алуда. Олардың ішінде ата-анасынан айырылған, қорғаншылықтағы және қамқоршылықтағы балалар, толық емес отбасы саны яғни асыраушысынан айрылған оқушылар, аз қамтылған отбасынан шыққан балалар және де көп балалы отбасынан шыққан оқушылар бар. Мен әрдайым тамақ ішу кезінде асханада, өз бақылауымда ұстап отырмын. Күнде берілетін ас мәзірі ауысып тұрады. Ас мәзіріндегі тамақтар күнде пісіріліп, жаңа дайындалған күйінде беріледі. Тамақ сапасын күнде бракеражды комиссия тексеріп отырады. Асхана оқушылар тамақтану үшін 90 орынға есептелген, буфет жұмыс істейді. Күніне шамамен 400 бала қабылдайды, оның ішінде тегін ыстық тамақпен қамтылған 302 бала болса, қалған МАД оқушыларын қосқанда 61 бала буфеттік тамақпен қамтамасыз етілген. Жыл сайын Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орта мектебі үлкен көлемде өтуге ат салысып келеді. Бұған қоса, мектептегі қорғаншылықтағы және қарқоршылықтағы балалар, аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар және де 1-4 бастауыш сынып оқушылары күніне бір рет 5 күн асханадан тегін ыстық тамақ ішеді. Мектебімізде «Қамқорлық» қайырымдылық акциясына байланысты бұйрық шығарылып, іс-шаралар жоспары жасалынып, бекітілді. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балалары мектептен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде. Бұл акцияның мақсаты – әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көпбалалы, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету, оқумен қамтылған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу, сондай-ақ әлеуметтік себептер (киімдерінің, аяқ киімдерінің, мектеп құралдарының жоқтығы) бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу. Қазан айының басында қамқоршылықтағы, үйден оқитын оқушылардың үйіне барып тұрмыстық жағдайын тексеру актісі толтырылды және де Қамқоршы ата анадан қамқоршылықтағы оқушылардың жылдық есебі алынды. Олардың өзінің арнайы толтыратын кестесіне сай.

Аудандық білім бөлімінің жылдағы сұранысы бойынша мектебіміздегі жетім, қамқорлықтағы және үйден оқитын барлығы 11 - оқушының қыстық куртка мен аяқ киім өлшемдері алынды. Бұл сыйлықтар 27 желтоқсан күні Жаңа жыл қарсаңында аталған 11 оқушылардың үйлеріне Аяз ата, Ақшақары мен бірге таратылып балаларға табысталды. Сонымен бірге Аудан әкімі Ринат Жанқылыштың қолдауымен Бейбарыс ауылында тұратын мектеп жасына дейінгі және мектепте оқитын мүмкіндігі шектеулі 25 - балаларға арналған Жаңа жылдық тәттілер таратылып берілді. Биылғы Облыстық Жаңа жылдық шыршаның карантинге байланысты болмай қалуына байланысты біздің мектебімізден ұсынылған жартылай жетім оқушымыз Хасенқызы Жанайымға ұялы телефон сыйлығы табысталды. Сонымен бірге ҚР Президенті Қасымжомарт Кемелұлының қолдауымен Жаңа Жылға орай таратылған тағы бір ұялы телефонды толық емес отбасынан шыққан Айболатова Айаруға табысталды. Осы ретте мектебіміз бойынша жетім, жартылай жетім, мүмкіндігі шектеулі, толық емес отбасылардың балалары Жаңа жылдық сыйлықтармен толық қамтылды.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орта мектебінде 1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай арнаулы сынып және үйден оқитын оқушыларға арнап **«Жүректі жылытар мейірімділік»** атты мектепішілік сурет көрмесін ұйымдастырдық. Мақсаты: Оқушылардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру. Оқушылардың мейірімді сөздер айту қабілеттерін арттыру, кішіпейілдікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу, оқушылардың бойындағы сурет салуға деген ерекше ынтасын ояту және сыныптастар ортасында өзін еркін сезінуге үлесімізді қосу. Көрмеге арнаулы сыныпта оқитын 5- оқушы, үйден оқитын 8 - оқушы қатысты. Сурет көрмесінде I орынды 7б сынып оқушысы Таңатар Нұрай, II орынды 5б сынып оқушысы Саматқызы Мадина, III орынды Серікқызы Мадина алып дипломдармен марапатталды. Қалған оқушылар Алғыс хатпен және шағын сыйлықтар иеленді. Сонымен қатар төртінші сыныптар арасында мектепішілік **«Толағай»** спорттық сайысын ұйымдастырдық. Спорттық сайысты өткізудегі мақсатымыз 4-сыныпта оқитын инклюзив оқушы Нұрланұлы Нұрғизатты сыныптастарының ортасында өзін толыққанды оқушы екенін сезінуге және де спортқа деген қызығушылығын арттыру. Сынып оқушыларының денсаулығын күтуге бағыттап тәрбиелеу. Толағай сайысына 4 сыныптардан 3- топ бөліп алынды: олар Барыс, Тұлпар, Қыран. Сайыс өз дәрежесінде өткізіліп Барыс тобы I орынды Тұлпар тобы жүлделі II орынмен, III орынмен Қыран топтары марапатталып сыйлықтар алды.

Асхана жайлы

2021-2022 жаңа оқу жылында тегін ыстық тамақ беруді жеке кәсіпкер «Нұрғалиева Х» қолға алған болатын. Ендігі кезекте асхана туралы мәлімет беріп кетейін. 2021-2022 жаңа оқу жылында тегін ыстық тамақ беруді жеке кәсіпкер ИП «Нұрғалиева Х» жеке кәсіпкер Нұрғалиева Хасиет қолға алған болатын. Қазіргі уақытта аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан және қорғаншықтағы балаларды қосқанда 73 оқушыны және де 1-4 бастауыш сыныптың 229 оқушысын қамтып отыр. Жылдың басынан бастап «Махамбет аудандық қоғамдық денсаулық» басқармасы бекітіп берген ас мәзірі бойынша тамақ беріліп келеді. Оқушылардың тамақ ішу кестесі, күндегі сынып жетекшілерге арналған кезекшілік туралы мәліметтер асхана тақтасында ілінген. Оқушылар сол кесте бойынша тамақтануға уақытында келіп, тамақтанып жүр. Балалардың дұрыс тамақтануы олардың денсаулығын нығайтып, дене дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар мидың дамуына, ойлау қабілетінің жақсаруына және жүйке жүйесіне жақсы ықпал етеді.

